

*ҚРҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың
«Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі
Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы»
Үкімет отырысындағы баяндамасы
2020 жылғы 2 қыркүйек*

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Ұлттық Банк мынадай шаралар қабылдайды.

1. Президенттің бұған дейін берген тапсырмасына сәйкес **Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясы** әзірленуде. Жолдауда аталып өткен жүргізілетін саясаттың тиімділігі мен айқындылығын арттыру жөніндегі тапсырмалар стратегияда ескерілетін болады. Стратегияны бекіту елдің 2025 жылға дейінгі жаңартылған Стратегиялық даму жоспары қабылданғаннан кейін жоспарланып отыр.

Ақша-кредит саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру және валюта нарығын тұрақтандыру үшін Үкіметпен бірлесіп, валюталық түсімді елге қайтаруға арналған қосымша шаралар пысықталады және экспорттаушылардың оны іске асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясында Ұлттық Банк жанында **Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет** құру ескеріледі, оның басты міндеті базалық ставка мен оның дәлізінің мөлшері бойынша

стратегиялық шешімдер қабылдау болады. Орта мерзімді перспективада оған **тәуелсіз мүшелер** кіреді. Заңнамалық актілерге тиісті өзгерістер **2020 жылдың соңына дейін** енгізілетін болады.

2. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **экономикалық өсуді қалпына келтіру** мақсатында дағдарыс салдарынан айтарлықтай зардап шеккен секторлардағы кәсіпорындарды қолдау үшін қосымша **200 млрд теңге** бөлінеді. Салалар тізбесін Үкімет «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасымен бірлесіп анықтайтын болады.

Ұлттық Банктің жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы **800 млрд теңгеге** дейін жеткізіліп, **2021 жылдың соңына дейін** ұзартылады.

Назарларыңызға рақмет!